

**Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Аққала ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 1 "Көкпекті ауданы Аққала ауылдық округінің Қойтас ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Аққала ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 мамырда № 7091 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Аққала ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Аққала ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 1 "Көкпекті ауданы Аққала ауылдық округінің Қойтас ауылына шектеу іс – шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 5-15-132 болып тіркелген, аудандық "Новая жизнь" "Жұлдыз" газетінің 2018 жылғы 30 желтоқсандағы № 52 (9006) санында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Аққала ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді:

1) осы шешімді Шығыс Қазақстан облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Көкпекті ауданының аумағында таратылатын мерзімдік басылымдарға ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Көкпекті ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аққала ауылдық округінің әкімі*

*М. Жанкебаев*